



**БИБИСАРА
АСАУБАЕВА
ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?**

→3



**«ФУТБОЛ
ОЙНАҒЫМ
КЕЛМЕДІ»**

→3



**ҮШ СПОРТШЫҒА
ҮМІТ АРТП
ОТЫРМЫЗ**

→8

ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы
1 қаңтардан шыға бастады

Республикалық
апталық

qazaqsporty.kz

№2 (5353)
27 қаңтар 2022 жыл

Газет бейсенбі
күні шығады

kazakh_sporty@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ СПОРТШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОЛИМПИАДА ЖӘНЕ ПАРАЛИМПИАДА ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАЛАРЫНЫҢ МҮШЕ-ЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ, ДЕП ХАБАРЛАДЫ ПРЕЗИДЕНТТІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Мемлекет басшысы жуырда Бейжің қаласында өтетін XXIV қысқы Олимпиада және Паралимпиада ойындарының барша спортсүйер қауым үшін айтулы оқиға екеніне тоқталып, Қазақстан осы сайысқа ең үздік спортшыларын аттандыратынын атап өтті.

– Дүбірлі додада ел намысын қорғау – мәртебелі міндет әрі зор жауапкершілік. Біздің спортшыларымыз Олимпиада ойындарында талай рет жеңіс тұғырына көтерілді. Көк туымызды желбіретіп, Әнұранымызды әуелетті. Сондай сәтте әрбір азаматымыздың кеудесін мақтаныш сезімі кернейтіні сөзсіз. Сіздер алдағы сайыста халқымыздың сенімін ақтайсыздар деп сенемін, – деп жігерлендірді Президент.

Мемлекет басшысы бұған дейін Қазақстан атлеттерінің қысқы Олимпиада және Паралимпиада ойындарында жалпы 2 алтын, 4 күміс және 4 қола медаль олжалағанын атап өтіп, Олимпиада тарихында есімдері алтын әріппен жазылған Владимир Смирнов, Людмила Прокашева, Елена Хрусталева, Денис Тен және Юлия Галышева сынды спортшылардың даңқты жеңістері азаматтарымыздың

патриоттық сезімін арттырғанын айтты.

– Алдағы Олимпиадада сіздер де лайықты өнер көрсететіндеріңізге сенімдімін. Паралимпиадашылар үшін де маңызды сәт жақындады. Елімізде инклюзивті қоғамды дамыту жолында Паралимпиада ойындарының маңызы зор. Қазақстандық паралимпиадашылардың жеңістері – мақсатқа ұмтылудың, табандылық пен өз күшіне деген сенімнің үлгісі. Өкінішке қарай, біздің спортшылардың соңғы дайындық күндері қаңтардағы қайғылы оқиғалармен түспа-түс келді. Ең бастысы, ынтымақ пен бірліктің арқасында біздің халқымыз мемлекеттің тұтастығына нұқсан келтіретін лаңкестікке лайықты тойтарыс бере алды. Біз бүкіл ел болып ұлттық құрамаға жанкүйер болатын жарыс күндері де жалпыұлттық бірлігімізді көрсететінімізді білемін, – деді Президент.

Президент спортшылардың Олимпиада жолдамасы жолында жанкештілікпен еңбектенгеніне тоқталып, олардың кәсіби тұрғыдан жетіле түсуіне бар күшін салған бапкерлердің де еңбегін атап өтті.

– Енді туыстарыңыз бен жақындарыңыздың ғана емес, миллиондаған

қазақстандық жанкүйердің үмітін ақтау керек. Сіздердің жеңіске деген жігерлеріңіз – өскелең ұрпаққа үлгі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы бұқаралық және балалар мен жасөспірімдер спорты әрдайым еліміздің басым бағыты екенін айтты. Былтырдан бастап өзінің тапсырмасына сәйкес спорт саласындағы мемлекеттік тапсырыстар бойынша жан басына қаржы бөлу іске қосылғанына тоқталды.

– Бұл шешім спорт секциялары мен аула клубтарының дамуына тың серпін берді. Өздеріңіз білесіздер, 2022 жылды Балалар жылы деп жариялады. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуын қамтамасыз ету үшін мемлекет пен қоғам күш біріктіруі қажет. Қолға алынған осы іс-әрекеттер балаларымыздың денсаулығын нығайтуға, оларды рухани, адамгершілік тұрғысынан тәрбиелеуге септігін тигізетіні сенімдімін, – деді Президент.

Кездесу соңында Олимпиада құрамасының капитаны Абзал Әжіғалиев пен Паралимпиада құрамасының капитаны Александр Герлиц Президенттің қолынан Мемлекеттік ту алып, ант берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев спортшыларымыздың көк туымызды Олимп шыңына шығарып, мемлекетіміздің мерейін көтере беруіне тілектестік білдірді.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРІ
ДӘУРЕН АБАЕВҚА
АШЫҚ ХАТ**

РУХСЫЗ, БІЛІМСІЗ СПОРТ...

**ҚАЗАҚСТАН
ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-
ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫ
ТОКИО ОЛИМПИАДАСЫ
АЯҚТАЛҒАН БОЙДА:
«ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАНЫҢ
ОЛИМПИАДАДАҒЫ
КӨРСЕТКІШІ СПОРТ
СЕКІЛДІ АСА МАҢЫЗДЫ
САЛАДА ШҰҒЫЛ ӘРІ
ТИІМДІ РЕФОРМАЛАР
ЖҮРГІЗУ ҚАЖЕТ
ЕКЕНІН КӨРСЕТТІ.
ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАНЫҢ
БҰЛ КӨРСЕТКІШІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ СПОРТТАҒЫ
ӨЛЕУЕТІНЕ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН СПОРТТЫ
ДАМУҒА БӨЛІНІП ОТЫРҒАН МОЛ ҚАРАЖАТҚА
СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ», ДЕП МИЛЛИОНДАҒАН
ЖАНКҮЙЕРДІҢ КӨКЕЙІНДЕГІ ОЙДЫ ДӨП БАСТЫ.**



Иә, Токиодағы Олимпиада ойындары спорт саласындағы ұзақ жылғы жүйесіз тірлікті, білімсіздікті, жойдасыз жемқорлықты, бүтін ел тізгінін сеніп тапсырған басшылар мен қосшылардың өз ісіне немқұрайды, атүсті қарағанын, білікті кадрлар дайындау бағытындағы ұзақтан жалғасқан кемшілікті, көптеген жауапты адамдарда ұлттық-патриоттық және ел алдындағы жауапкершілік сезімінің әлсіздігін анық көрсетті.

→4-5

АҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ АЛАУЫ ЖАҒЫЛАДЫ



**ЕНДІ САНАУЛЫ
КҮНДЕРДЕН
КЕЙІН, ДӘЛІРЕК
АЙТСАҚ 4 АҚПАНДА
ҚЫТАЙДЫҢ
БЕЙЖІҢ
ҚАЛАСЫНДА АҚ
ОЛИМПИАДАНЫҢ
АЛАУЫ
ЖАҒЫЛАДЫ.**

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ БЕРГЕН МӘЛІМЕТІНЕ СҮЙЕНСЕК, СПОРТШЫЛАРЫМЫЗ 8 СПОРТ ТҮРІНЕН БАҚ СЫНАЙДЫ. АЙТАП АЙТСАҚ, ҚЫТАЙ АСТАНАСЫНДА КОНЬКИМЕН ЖҮГІРУ, ШОРТ-ТРЕК, ФРИСТАЙЛ, ШАҒҒЫ ЖАРЫСЫ, БИАТЛОН, ТАУ ШАҒҒЫСЫ, ШАҒҒЫМЕН ТРАМПЛИННЕН СЕКІРУ ЖӘНЕ ШАҒҒЫ ҚОССАЙЫСЫНАН БАРЛЫҒЫ 34 СПОРТШЫ ЕЛ НАМЫСЫН ҚОРҒАЙДЫ.

18 қаңтарда Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев XXIV қысқы Олимпиада ойындарының дайындығы жайында жиын өткізді. Министр алдағы қысқы Олимпиада ойындарында ұлттық құраманың алдында тұрған бірқатар міндеттерге тоқталды.

→8

БАСПАСӨЗ-2022



Мырзағали АЙТЖАНОВ, бокстан әлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар, «Қазақ спорты» газетіне 2022 жылға жазылу науқаны жалғасып жатыр.

Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!

«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазушылар үшін – **64190**, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – **14190**.

ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

«Қазпошта»						
Индексі	Жазылымды қабылдау шарттары: - жеке жазылушылар үшін - кәсіпорындар мен ұйымдар үшін - жеңілдікпен жазылу	1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
64190	Жеке жазылушылар үшін	446,25	1338,75	2677,50	5355,00	Қала
		464,87	1394,61	2789,22	5578,44	Аудан/ауыл
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	686,25	2058,75	4117,50	8235,00	Қала
		704,87	2114,61	4229,22	8458,44	Аудан/ауыл

«Эврика пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	487,00	1461,00	2922,00	5844,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	756,00	2268,00	4536,00	9072,00	

«Еуразия пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	492,00	1476,00	2952,00	5904,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	761,00	2283,00	4566,00	9132,00	

«Бектұрғанов»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	507.00	1521.00	3042.00	6084.00	

ДЖОРДЖЕ ДЕСПОТОВИЧ

ҚАЗАННЫҢ «РУБИН» КЛУБЫНАН НЕГЕ КЕТТІ?



КЕЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАН ПРЕМЬЕР-ЛИГАСЫНДА ДОП ТЕПКЕН ДЖОРДЖЕ ДЕСПОТОВИЧ ҚАЗАННЫҢ «РУБИН» КОМАНДАСЫНАН КЕТТІ. СЕРБИЯЛЫҚ ШАБУЫЛШЫНЫҢ АЛДАҒЫ УАҚЫТТА ҚАЙ КОМАНДАДА ОЙНАЙТЫНЫ ӨЗІРГЕ БЕЛГІСІЗ.

Деспотович Татарстан астанасына 2020 жылдың жазында «Оренбургтен» еркін ойыншы ретінде ауысып келген. «Рубин» сапында осы уақыт аралығында 36 матчта 15 гол соғып, бес нәтижелі пас берген. Оның келісімшарты 2023 жылға дейін жасалған. Бірақ клуб келісімшарттың аяқталғанын күтпей, футболшыны қосалқы құрамға жіберді. Сөйтіп, оның орнына «Локомотивте» ойнайтын беларусь Виталий Лисаковичті алды.

«Спорт Экспресс» басылымының жазуынша, Деспотович бас бапкер Леонид

Слуцкиймен келіспей қалған. Клубтың ойыншыға артар басты кінәсі – жиі жарақат алуы мен қайта қалыпқа келуі болып отыр. Биылғы маусымда сербиялық шабуылшы жарақатына байланысты үш ай алаңға шықпады. Тамыз айында аяғынан жарақат алса, қазанда табағын ауыртып алған. Соңғы жарақатын емдеу үшін 2-3 ай уақыт кетті. Тек жылдың соңында ғана жаттығуға қосылды.

Бұл жағдайға клуб басшылығы мен бапкерлер штабының көңілі толған жоқ. Өйткені былтырғы маусымда команданың үздік сұрмергені атанған шабуылшыдан сол жетістігін тағы қайталауды күткен. Бірақ Деспотович бірінші айналымда үмітті ақтамады. Чемпионатта 9 матчта пенальтиден соғылған бір голмен шектелді.

Қантар айының басында сербиялық шабуылшының «Астанаға» оралуы мүмкін екені айтылған. Алайда, «Астананың» бас директоры Тастанбек Есентаев оны жоққа шығарды.

Футболшы бұған дейін сұхбаттарының бірінде «Қазақстан менің жүрегімде. Маған көп көмегі тиді. Әрине, жағдай оңай емес. Тіпті, кейбір алаңдарда мүлдем футбол ойнауға болмайды. «Қайрат» пен «Астанада» жағдай тәуір. Бұл екеуі – Қазақстандағы ең бай командалар. Ал «Жетісуда» жаттығуда ойыншылар Месси, Роналду деген жазуы бар формалармен жүретін. Мен мысалы, «Црвена Звездадағы» жейдеммен жаттығу жасайтынмын» деп айтқан.

МАСУДОВ ЖҰМЫССЫЗ ҚАЛМАДЫ

ТАНЫМАЛ ОТАНДЫҚ БАПКЕР ВАХИД МАСУДОВ ЖҰМЫССЫЗ ҚАЛМАДЫ. ОЛ ЕНДІ 19 ЖАСҚА ДЕЙІН ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫН ЖАТТЫҚТЫРАДЫ.

Масудов бастаған жастарымыз қазіргі кезде Нұр-Сұлтан қаласында оқу-жаттығу жиынын өткізіп жатыр. 8 ақпанда Арменияға аттанады. Онда сол елдің құрамымен 2 матч өткізеді.

Сондай-ақ Талғат Байсуфинов баптайтын Қазақстан ұлттық құрамасы 12 ақпан күні Түркияның Анталья қаласында жиналады. Ал 13 ақпан күні Қазақстан клубтарының легионерлері командасына қарсы жолдастық матч өтеді. Легионерлер құрамасын Андрей Карпович пен Самат Смақов жинақтайды деп шешілді.



ТҰҢҒЫШБАЕВ ПЕН СҮЙІМБАЕВ

«АҚСУҒА» КЕЛДІ



БИЫЛҒЫ МАУСЫМДА ҚАЗАҚСТАН ПРЕМЬЕР-ЛИГАСЫНДА ӨНЕР КӨРСЕТЕТІН «АҚСУ» ЕКІ БІРДЕЙ ШЫМКЕНТТІК ФУТБОЛШЫМЕН ҚАТАРЫН ТОЛЫҚТЫРДЫ.

Бұған дейін «Қайрат» намысын қорғаған Ғафуржан Сүйімбаев пен Еркебұлан Тұңғышбаев алдағы маусымды Павлодарда өткізеді. Былтыр Сүйімбаев «Қайраттың» капитаны болды. 31 жастағы қорғаушы тізесіндегі жарақатына байланысты өткен маусымның екінші жартысында алаңға шықпады. Сондықтан да болар, бас бапкер Құрбан Бердыев Сүйімбаевқа сенім артпады.

Еркебұлан Тұңғышбаев – Қазақстан құрамасының ойыншысы. Бұған дейін ол «Тұранның» оқу-жаттығу жиынына қатысқан болатын.

Еркебұлан «Ордабасы» командасының түлегі. 2014 жылы премьер-лигада алғашқы ойынын өткізді. Былтырғы маусымда ол Шымкент клубы сапында 19 матч өткізіп, 4 гол соқты. Бірақ жарақатына байланысты маусым айынан қазан айының ортасына дейін алаңға шықпады.

«Ақсу» командасы бүгінгі таңда Түркияда оқу-жаттығу жиынын өткізіп жатыр. Командаға украиналық маман Руслан Костышин бас бапкер болып тағайындалды. Оның бапкерлік штабына «Қайсар» мен «Атыраудың» экс-ойыншысы Владимир Аржанов кірді.

Жоғарыдағы екі ойыншыдан бөлек, «Ақсу» 32 жастағы ресейлік орталық қорғаушы Али Гаджибековпен келісімшартқа отырды.

МҰХАММЕД САЛАХТЫҢ ГОЛЫ

МЫСЫР ҚҰРАМАСЫН АФРИКА КУБОГІНІҢ 1/4 ФИНАЛЫНА ШЫҒАРДЫ

Мысыр құрамасы Камерунда өтіп жатқан Африка кубогінің 1/4 финалына шықты, деп жазады Vesti.kz тілшісі.

Кот-д'Иуар мен Мысыр арасындағы ойынның негізгі уақытында гол соғылмай, экстра-тайм ойнатылды. Алайда 120-минуттың қорытындысы бойынша қос қарсылас бір-бірінің қақпасына гол соға алмады.

120 минуттың ішінде мысырлықтар 21 соққы жасаса, "Африка пілдері" 13 рет қақпаны нысанаға алған.

Нәтижесінде жеңімпаз пенальти сериясында анықталды. Бабы мен бағы қатар жанып тұрған Мысыр елінің өкілдері қарсыласын орта жолда қалдырып кетті. Ал капитан Мұхаммед Салах жеңіс голының авторы атанды.



КАНЬЯС

«ШАХТЕРДЕ» ЖҮР

КОЛУМБИЯЛЫҚ ФУТБОЛШЫ РОДЖЕР КАНЬЯС ҚАРАҒАНДЫНЫҢ «ШАХТЕР» КЛУБЫНЫҢ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖИЫНЫНА КЕЛДІ.

Рохер «Шахтер» сапында бұған дейін де ойнаған. Атап айтсақ, 2012-2014 жылдары өнер көрсеткен. Қарағанды клубымен ел чемпионаты, кубогы және суперкубогын жеңіп алған. Сонымен қатар 2013 жылы Еуропа лигасында топтық кезеңінде ойнады. Жалпы, «Шахтердің» жейдесімен 66 матчта алаңға шығып, 9 гол соққан.

Одан кейінгі жылдары Каньяс «Астана» намысын қорғайды. Елорда клубында 4 рет Қазақстан біріншілігінде топ жарды. УЕФА Чемпиондар және Еуропа лигасының топтық кезеңінде доп тепті. «Астана» сапында 119 матчта 15 гол соққан. Одан бөлек, 13 нәтижелі пасы бар.

«Астанадан» соң Кипрдің «Аполль» клубына жалға берілгені бар. Сосын «Ордабасы» (12 матч) мен «Ертіс» (17 матч) командаларында ойнады. 2019 жылдан бері ол ешбір команда сапында ойнамаған.

ЖЕРАР ГОУ

«АҚТӨБЕ» БАПКЕРІНІҢ КӨҢІЛІНЕН ШЫҚПАДЫ

«АҚТӨБЕ» ФУТБОЛ КЛУБЫНЫҢ ТҮРКИЯДАҒЫ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖИЫНЫНА ОТАНДЫҚ ЖАНКҮЙЕРЛЕРГЕ ЖАҚСЫ ТАНЫС ШАБУЫЛШЫ ЖЕРАР ГОУ КЕЛІП ҚОСЫЛҒАН. БІРАҚ ОЛ БАПКЕРЛЕР ШТАБЫНЫҢ КӨҢІЛІНЕН ШЫҚҚАН ЖОҚ.

Қазақстанның бес дүркін чемпионы «Ақтөбенің» ел біріншілігінде жүлдеге ілікпегеніне жеті жылға жуықтады. Биыл клуб басшылығы сол олқылықтың орнын толтыруды көздеп отырғандай. Команда құрамына бірнеше ойыншы келіп қосылды. Хорватиялық Мате Прнчевич, Армения құрамасының футболшысы Соломон Удо, былтыр «Қызылжар» қорғаушысы болған Әлібек Қасыммен келісімшартқа отырған. Одан бөлек, Стас Покатилов, Саша Стаменкович, Антон Бочаров, Арман Кеңесовтер де сынақта жүр. Былтыр Литва чемпионатының үздік сұрмергені әрі үздік ойыншысы атанған Уго Видемон да Владимир Муханов жаттықтыратын клубтың қатарында.

Енді осы Видемонға шабуылда бәсекелес болуға Жерар Гоу келген. Бірақ ол қалмайтын болып шешілді.

Бас бапкердің айтуынша, футболшының агенті ұсыныс жасаған. Алайда футболшы жиынға 103 келі салмақпен келіпті. Жақын арада өз бабына келуі мүмкін емес. Сондықтан Гоу «Ақтөбе сапында қалмайтын болды.

Жерар - Қазақстан футболында өзіндік ізін қалдырған ойыншы. Ол 2014 жылдың маусым айынан 2017 жылдың қарашасына дейін өнер көрсетті. Қазақстан премьер-лигасында 102 ойын өткізіп, 80 гол соққан. Одан бөлек, Еуропа лигасындағы 11 добы тағы бар. Жалпы, Қазақстанда жүріп, 99 доптың авторы атанды. Шабуылшы Қазақстан премьер-лигасының үш рет үздік сұрмергені болды.



БИБІСАРА АСАУБАЕВА ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?



2004 ЖЫЛЫ ТАРАЗ ҚАЛАСЫНДА ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН БИБІСАРА ШАХМАТТЫ ТӨРТ ЖАСЫНАН БАСТАП ҮЙРЕНЕ БАСТАДЫ. БҰҒАН ДЕЙІН АЗИА ЧЕМПИОНАТЫНДА, ӨЗГЕ ДЕ ТУРНИРЛЕРДЕ КӨЗГЕ ТҮСКЕН БИБІСАРА АСАУБАЕВА ЖАҚЫНДА ПОЛЬША АСТАНАСЫ ВАРШАВА ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН БЛИЦ-ШАХМАТТАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ. СОНДАЙ-АҚ ЖЫЛДАМ ШАХМАТТАН (РАПИД) ДА ӘЛЕМНІҢ КҮМІС ЖҮЛДЕСІНЕ ИЕ БОЛДЫ.

«Алғашқы шахмат үйірмесіне барғанымда жеті жастағы ұлдармен ойнап жүрдім. Алғашқы үш айда тек жеңіліп жүрдім. Үйге жылап келетінмін. Анам сол кезде «мүмкін қажет емес шығар, осымен тоқтарсын» дейтін. Сосын арада уақыт өте келе жеңіске жете бастадым. Сол кезде қатты қуандым», деді Б.Асаубаева.

Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Олег Дзюбаннан тәлім алған ол алты жасында төртінші разрядқа ие болды. Астана қаласының чемпионатында сегіз жастағы қыздармен ойнап, бірінші орын алды. Осыдан кейін оның жұлдызды шағы басталды. Жеті жасында әлем чемпионы атанды. Соның арқасында Fide Master дәрежесіне ие болды. Бибісара – мұндай дәрежеге қол жеткізген әлемдегі ең жас шахматшы.

«Басында қыз болғандықтан әрі кішкентай екенімді айтып, бапкер қабылдамады. Бірақ ата-анам көндіруге тырысты. Бәлкім, бірдеңе шығып

қалар деп үгіттеді», деді шахматшы.

Шерлок Холмстың барлық кітаптарын оқып тауысқан Бибісара бала күнінен ойыншыққа емес, кітапқа құмар болып өсті.

Бибісараның немере ағасы Бағлан Асаубайұлы Майлыбаев бірнеше жыл Президент әкімшілігі басшысы орынбасары қызметін атқарғанын білеміз. Шахматшы қыздың анасы Лиана Таңжарықова дәл осы Бағлан Асаубайұлының Бибісараға көп кедергі келтіргенін бұрынғы сұхбаттарында айтқан-ды.

«Мен күйеуіммен ажырасып кеткенмін. Біз әлем чемпионатынан алтын медаль алып келгеннен бастап Бибісараның ағасы жан-жақтан тосқауыл қойды. Бұл туралы сол кезде көбі білді, бірақ жағдайды өзгерту мүмкін емес еді. Себебі ол Қазақстанның жоғары қызметтегі шенеунігі болатын. Нақты бір уақыттан кейін бізді түрлі

іс-шараларға қатыстырмайтын болды, маңызды оқиғалардан біздің атымызды сызып тастады», деп жазған болатын Таңжарықова Facebook парақшасына.

Елдегі қысым көбейген соң, бір кездері Ресейге көшуге мәжбүр болды. Мәскеуде тұрып, сол елдің намысын қорғады. 2016 жылы Ресейдің атынан өзінің жас мөлшеріндегілер арасындағы әлем чемпионатына қатысып, топ жарды.

Бірақ, арада екі жыл өткенде дау шықты. Ресейлік жаттықтырушы Евгений Соложенкин 13 жасар спортшыға «Турнир кезінде қулық танытып, электрондық құралды пайдалану арқылы жеңіске жетті» деген айып таққан. Өз кезегінде Бибісара мұны жала екенін, өтірік сөз таратқан жаттықтырушы әрекетін «атын шығару үшін жасады» деп айтты.

«Бір жылдан астам уақыт бізге жағылған қара күйемен өмір сүрдік. Алайда әділдік орнады – FIDE Соложенкинді 18 айға шахматтан шеттетті. Сот менің де, Бибісараның да Соложенкинге қарсы арызын қанағаттандырды. Енді ол ақша төлейді. Сондай-ақ Бибісараны тыйым салынған құралдар пайдаланды деп айыптап мақала жазған басылымдар оның ақталғаны туралы ақпарат таратуға міндеттеледі. Біз өте ризамыз!» деп келтірді Sputnik.kz шахматшы қыздың анасы Лиана Таңжарықованың пікірін.

Ал 2019 жылы Бибісара елге оралды. Сол кезде Маңғыстау облысының әкімі болған Ералы Тоғжанов отандасымыздың елге оралуына септігін тигізді. Осы күні Асаубаева жарыстарға Маңғыстау облысының атынан қатысып жүр.

Қазіргі кезде Бибісара 17 жаста. Өткен жылы әйелдер арасында онлайн өткен Азия чемпионатында жеңімпаз атанды.

«ФУТБОЛ ОЙНАҒЫМ КЕЛМЕДІ»

БРАЗИЛИЯҒА БАРЫП ҚАЙТҚАН РАУАН САРИЕВ ҚАЗІР ҚАЙДА ЖҮР?



«ОЛЕ БРАЗИЛ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ФУТБОЛ ӘЛІППЕСІН ҮЙРЕНУГЕ БРАЗИЛИЯҒА БАРҒАН АЛҒАШҚЫ ТҮЛЕКТЕРДІҢ ІШІНЕН ЖАРҚ ЕТІП КӨРІНГЕН, БІРАЗ УАҚЫТ СОЛ ЕЛДЕГІ «БОТАФОГО» САПЫНДА ДОП ТЕУІП, ОДАН КЕЙІН ЕЛГЕ ОРАЛҒАНДА «ҚАЙРАТ», «ОРДАБАСЫ», «ЖЕТІСУ» КЛУБТАРЫНДА ОЙНАҒАН, ӨЗ КЕЗЕГІНДЕ ТАЛАНТТЫ ЖАС САНАЛҒАН РАУАН САРИЕВТЕН ФУТБОЛ ЖАНКҮЙЕРЛЕРІ БҮГІНДЕ КӨЗ ЖАЗЫП ҚАЛҒАНЫ АНЫҚ. ҚАЗІР РАУАН НЕ ІСТЕП ЖҮР, ҚАНДАЙ ҚЫЗМЕТТЕ?

– Бүгінде футбол жанкүйерлері Рауанды іздейді. Қазір қайдасың, немен айналысып жүрсің?

– Бүгінде өзім туып-өскен ауылда (Алматы облысы, Ескелді ауданы, Бактыбай ауылы) 2012/13 жылдары дүниеге келген балаларды футболға дайындаймын.

– 2019 жылы «Жетісу-Б» сапында Бірінші лиганың екі ойынына шықтың, одан кейін алаңда көрмедің. Шақырту болмады ма, әлде басқа себеп болды ма?

– Шыны керек, футбол ойнағым келмеді. Жиі жаракат алдым. Әр қозғалысқа жарақатым кедергі болды. Содан кейін өзім «осымен доғарайын» деген шешімге келдім. Басқа себеп жоқ.

– 2015 жылы «Ордабасыдан» кейін төрт жыл үзіліс алып, одан кейін Бірінші лигада ойнадың. Сол аралықта өзінді «Ақжайықпен» оқу-жаттығу жиынында болды деген, алайда көрмедің...

– Иә, оқу-жаттығу жиынына

қатыстым, бірақ бірінші күні сіңірімді зақымдап алдым. Одан кейін Алматыға келіп, бірден ота жасаттым. Емделу, қайта қалыпқа келу процесі ұзаққа созылды. Үзілістің төрт жылға созылғаны да, «Ақжайықта» ойнамауымның да себебі осы.

– «Жетісудың» биылғы премьер-лигадағы ойынына қандай баға бересің? Не жетпеді және қай тұсында артық болды?

– Ойындарды жібермей қарадым дей алмаймын, арасында көре алмай қалған сәттер болды. Біздің ойыншылардың барлығы жас болғандықтан тәжірибенің жетпегендігі белгілі, ал басқалардан артық тұрған тұсы – командамызда жергілікті ойыншылар көп ойнады. Жігіттерге ризамын. Ойындары жақсы. Осы қалыптан шықпау керек. Бір қазақтың баласы биікке шығып жатса, шын қуанамын. Ал биыл «Жетісуға» келген легионер ойыншылар өздерін ақтаған жоқ деп ойлаймын. Оның қасында Аслан Әділ, Рауан

Орынбасар, Айбар Жаксылыков сынды жетісулықтардың ойыны ерекше болды.

– Айбар демекші, екеуің көрші ауылдансыңдар ғой. Ұлттық құрамада да ойнап жүр. Ол жігіт туралы да айтып өтсең.

– Иә, Балпық би кентінде (ред. – Алматы облысы) жаттығып жүргенде ініміз бізбен бірге доп тебетін. Қазір жақсы нәтиже көрсетіп жатыр. Оны әркез қолдаймын, карьерасында үлкен жетістіктерге жете беруін тілеймін.

– «Оле Бразил» жобасы туралы да айта кетсең. Бұл жоба өзін ақтады ма?

– Ақтады деп ойлаймын. Өйткені бізбен бірге барған балалардың арасынан төрт-бес жігіт ойнап жүр. Бізден кейін де Бразилияға барғандардың ішінен әлі ойнап жүргендер бар. Енді 25 бала барса, соның 25-і де футболмен айналысып кетпейді ғой. Ішінен іріктеліп қалады, електен өтеді. Сондықтан бұл көрсеткішті жаман деп айта алмаймын.

– Бразилияда футболдан басқа не үйрендің?

– Тілді үйрендік. Мәдениетін түсіндік.

– Бүгінде жаттықтырушымын дедің ғой. Балаларды футболға дайындауда неге мән бересің?

– Балалардың іргетасын мықтап бекіту керек. Бүгінгі жұмыс сол. Доппен техника. Алаңды доппен көре білу сияқты жаттығуларды жүргізіп жатырмын. Жаттығуда әр балаға доп беріп, оның техникасын дамытуға күш салу керек. Бес ай ішінде үлкен жетістікке жетіп жатырмыз деп айтсам, өтірік болар. Ал ірілі-ұсақты турнирлерге қатысып, өзімізді ақырын-ақырын дамытудамыз. Команданың аты «Бактыбай ФК». Әрқайсысынан үміт күтемін. Өзім жетпеген жетістікке солардың жетуін тілеймін.

Серік ҚАНТАЙ

Алматы облысы

ВОЛЕЙБОЛДЫҢ ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ БЕРЕРІ КӨП

СПОРТ – КЕЗ КЕЛГЕН АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ. БІЗДІҢ МЕКТЕПТЕ КӨПТЕГЕН ҮЙІРМЕЛЕР МЕН СЕКЦИЯЛАР БАР, ОНДА БІЗДІҢ ОҚУШЫЛАР ӨЗДЕРІНІҢ ФИЗИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН ЖОҒАРЫЛАТЫП, ДЕНСАУЛЫҒЫН НЫҒАЙТАДЫ. БҮГІНГІ ТАҢДА ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҮЛКЕН АРСЕНАЛЫНДА СПОРТТЫҢ БАРЛЫҚ ТҮРЛЕРІ АРАСЫНДА ЕҢ ТАНЫМАЛ СПОРТ ТҮРІ – БҰЛ ВОЛЕЙБОЛ. ВОЛЕЙБОЛ – ДЕНСАУЛЫҚТЫ НЫҒАЙТУДЫҢ, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ДАМУЫН ЖАҚСARTУДЫҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БІРІ. ВОЛЕЙБОЛДЫ ЖЫЛ БОЙЫ ЖӘНЕ ДЕ КӨБІНЕСЕ ТАЗА АУАДА ОЙНАУҒА БОЛАДЫ.

Волейбол үйірмесінің мақсаты: – оқушылардың дене шынықтыру және спортқа деген қызығушылығы мен қажеттілігін қалыптастыру, мектеп оқушылары арасында волейбол ойынын танымал ету, салауатты өмір салтын насихаттау. – денсаулықты нығайту, үйлесімді дене дамуына ықпал ету; – оқушыларды өмірлік маңызды қозғалыс дағдылары мен қабілеттеріне үйрету; – волейболдан мектептің құрама командасын қалыптастыру; – жарыстарда тұрақтылық пен жетістікке жету үшін қажетті ерік-жігерлерін және психологиялық қасиеттерін қалыптастыру.

Салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастырудың маңызды және басты мақсаты – жеткіншектердің, сондай-ақ жасөспірімдердің денсаулығын сақтау мен нығайтудың дұрыс құралдарын табу және іздеу, олардың салауатты өмір салтына деген көзқарасын қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, табысқа жетудің негізгі жолдарының бірі әрі бірегейі.



Волейбол – бұл қолжетімді спорт түрлерінің бірі, ол жастарды дене шынықтыру мен спортпен жүйелі түрде айналысуға, белсенді демалуға тартудың тамаша құралы. Ойынның тағы бір маңызды ерекшелігі – бұл барлық бұшыкет топтарына, мүшелер мен физиологиялық жүйелерге ғана емес, сонымен қатар моральдық – ерік қасиеттеріне де белсенді әсер етеді. Ойынның белгіленген ережелерімен келісу қажеттілігі адам психикасына үлкен әсер етеді. Алаңда болған кезде ойыншылар бәсекелестік рухын сезінеді. Волейбол жаттығулары жүрек-тамыр және тыныс алу жүйелерінің жұмысына оң әсер етеді, сүйек жүйесін нығайтады, бірлескен ұтқырлықты дамытады, бұлшықеттердің күші мен икемділігін арттырады. Доппен үнемі әрекеттесу терең және перифериялық көруді, кеңістіктегі дәлдік пен бағдарлауды жақсартуға көмектеседі.

Волейбол ойынының ерекшелігі қарапайым жабдықта: ойын алаңы, тор, доп. Волейбол ережелері допты ауада ұстап тұру қажеттілігін қамтиды және оны бір-біріне өткізіп, ыңғайлы позицияны қамтамасыз етеді. Ептілік, ойлау жылдамдығы, үйлестіру сияқты қасиеттерді

дамыту басқа да спорт түрлерінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі.

Әр ойынның белгілі бір мақсаты бар, оған қол жеткізуге тырысып, оның қатысушылары өз мүмкіндіктерін, шығармашылық түрде көрсетуге және жалпы өз күштерін бағалауға мүмкіндік алады. Волейболда әркім өзінің темпераменті мен мінезінің ең жақсы ерекшеліктерін, табиғи қабілеттерін көрсете алады, ойынның ерекше жеке стилін дамыта алады, стандартты міндеттердің шығармашылық шешімін таба алады. Волейбол ойнау қатысушылардан физикалық мүмкіндіктердің максималды көрінісін, ерікті күш-жігерді және алған дағдыларын қолдана білуді, сондай-ақ оларды сақтай білуді талап етеді.

Қорытындылай келе волейбол ойыны арқылы оқушылардың жауапкершілік сезімі дамиы, өйткені ойыншылардың әрқайсысы осы ойында белгілі бір миссияны орындайды.

Мадияр БОЗБАЕВ,

Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы, Ақыртөбе ауылы, Ақыртөбе орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА 176 МҰЗ АЙДЫНЫ ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛДІ

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА БАЛАЛАР СПОРТЫ БАСТЫ НАЗАРДА. 2021 ЖЫЛДЫҢ ҚАРАША АЙЫНДА ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ТАПСЫРМАСЫМЕН АУДАН ӘКІМДЕРІНЕ АУЫЛДАҒЫ ҚЫСҚЫ СПОРТТЫ ДАМУЫ МАҚСАТЫНДА АУДАН ОРТАЛЫҚТАРЫНДА, АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРДЕ МҰЗ АЙДЫНДАРЫН ҚҰЙЫП, ШАҒЫ ЖОЛДАРЫ МЕН СЫРҒАНАҚТАР ЖАСАУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫС ХАТ ЖОЛДАНҒАН.

Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының мәліметінше, сол жұмыстар нәтижесін беріп жатыр. Бұған облыс аумағында 176 мұз айдынының қолданысқа берілуі дәлел.

Бүгінде Батыс Қазақстан облысы бойынша барлығы 176 мұз айдыны құйылды. Оның ішінде Орал қаласында – 40, аудан бойынша – 136. Аудан бойынша Ақжайық ауданы – 14, Бәйтерек ауданы – 7, Бөрлі ауданы – 27, Бөкейорда ауданы – 3, Жаңақала ауданы – 13, Жәнібек ауданы – 10, Казталов ауданы – 11, Қаратөбе ауданы – 8, Сырым ауданы – 14, Тасқала ауданы – 8, Теректі ауданы – 11, Шыңғырлау ауданы 10 мұз айдыны пайдалануға берілді.



РУХСЫЗ, БІЛІМСІЗ

← 1

Ақиқатын айтсақ, республикалық және аймақтық спорт мекемелері басшылары мен бапкерлерінің көпшілігі өз қызметтеріне сай емес. Ащы шындық: біз ең әуелі мемлекетшіл, білікті кадрлардан қатты ақсап тұрмыз. Ел қамын, ұлт намысын тереңнен ойлатын, арлы, білімді, намыскер азаматтар баршылық. Бірақ білімсіз, пысықай басшылар ондай мамандарды шетқақпайлап, жауапты қызметтерге жолатпауға тырысады.

Сізге спорттың тізгіні аса бір жауапты кезеңде тапсырылып отыр. Қантар дүрбелені халықты дүр сілкіндірді. Қазір жұртшылық бұрынғыдай жылтырақ, арзан сөзге алдана қоймайды. Ал, спорт саласы, турасын айтсақ, шіріген арқан тәрізді үзілгелі тұр. Бұл жердегі ең басты проблеманың бірі: кейінгі отыз жыл бойы спорт ғылымын шетке қағумен болды. Кейінгі жылдары кадр саясатын ойыншық қылып жібердік. Хош, енді ғылымсыздықтан бастап негізгі проблемалардың бірнешеуін тізіп өтейік.

ҒЫЛЫМСЫЗ СПОРТ. Совет одағы тұсында бір ғана Қазақ дене шынықтыру институтының өзі республика спортының темірқазығы әрі қара нары іспетті еді. Бұл ұжым тек дене шынықтыру институты ғана емес, сонымен қатар Қазақстан спортының ғылыми-зерттеу институтының деңгейінде қызмет жасады. Ректор Хамза Мұхамеджановтан бастап ұжымда Қ.Байболов, П. Матушак, Қ. Байдосов, М.Тәнекеев, А.Асубаев, Б.Елғондиев, Ә.Нұрмаханов, В.Филимонов, А.Тулупов, А.Крюков, М.Хван, С.Сатыбалдиев, И.Потапов, Ленская т. б. білікті мамандар еңбек етті. Институт Қазақстан спортының ғылыми даму жүйесін түзумен қатар, республика спортының ғылыми-әдістемелік орталығы қызметін атқарды. Ұлттық құрама бапкерлері мен спортшыларының басым көпшілігі осы институттың түлектері болатын. Қазақстан ұлттық құрамасы 1971 жылғы СССР халықтарының жазғы спартакиадасында командалық бесінші орынға (17 құрама арасында) табан тіреді. Одан кейінгі кезеңде де республика құрамасы одақтағы маңдайалды команданың бірінен саналды. Ал Қазақ дене шынықтыру институты Совет одағындағы спорттық оқу орындары арасында үздіктер қатарында нық тұрды. Себебі, ол кездің мамандары адал еңбекке, ғылымға, ізденіске арқа сүйеуші еді. Кейін бұл күндылықтардың құны төмендей бастады. Оған қоса ұлттық рухты әлсіретіп алдық. Соның салдарынан Токио олимпиадасында масқара боп 83-орынға бір-ақ құлдырадық. Ал, спорт ғылымы өркендеген АҚШ жалпы командалық бірінші орынға шықты. АҚШ Олимпиада комитетіндегі ұлттық құраманың ас-суына жауапты дирекция Олимпиада басталардан бір жыл бұрын командалардың диетологтарымен кеңесіп, тамақ мәзірін дайындауға кіріскен екен. Олимпиада қарсаңында бұл дирекция Токиоға 33 тонна тамақ пен суын жіберіпті. Бұған қоса дирекция Жапониядағы танымал аспаздарды жұмысқа тартып, жапон теңіздерінен ауланған балық өнімдері мен белоктарды қажетінше сатып алыпты. АҚШ мамандарының спортшылар тамағына мән бергені сонша, Токиоға өздерінің ыдыс-аяғына дейін апарған екен (ішінде күміс ыдыстар бар).

АҚШ спорттық ғылымды осындай деңгейге жеткізсе, біз спортшы баптаудың баяғыда қалыптасқан сатыларын жоғалтып алдық. Мысалы, күрес секциясына барған бала әуелгі үш жылда алғашқы дайындық тобының талабына сай жүгіріп, секіріп, созылып, керіліп және гимнастикалық, акробатикалық жаттығуларды меңгеріп, жеңіл-желпі алысып, буындарын, сіңірлерін, қысқасы бүкіл ағзасын сан алуан әдіске, алдағы айқастарға біртіндеп дайындауы керек. Одан кейін үш жылғы оқыған-тоқығанынан емтихан тапсырып, келесі сатыға - оқу-жаттығу тобына өтуі керек. Бұл топта күрес әдістерін, шабуыл, қорғаныс тәсілдерін үйреніп, салмақ «кумай», қатты жанықпай бес жылдай машықтануға тиіс. 16-17-ге толған баланы жарысқа саласыз. Ал спорттық жетілдіру тобына зорықпай, шалдықпай жеткен бозбала (18-20 жас) тау қопаруға дайын тұрады. Ар жағы жоғары спорт шеберлігі тобы. Жоғарыдағы жүйемен баптанған балуан әрі қарай ауыздығымен алысқан аттай тың әрі тегеурінді болады. Өкінішке қарай, кейінгі жиырма жылда бұл жүйе құрдымға кетті. Соның салдарынан отыз жылда күрестің үш түрінен (грек-рим, еркін күрес, дзюдо) бір қазақ балуаны Олимпиада чемпионы бола алмай, жері оймақтай ғана бір уыс шешен мен грузиннің шаңына көміліп қалдық. Тек дзюдоны мысалға алсақ, 2000 жылдан бергі алты Олимпиада ойындарында халқының саны 4 миллионға жетпейтін Грузияның балуандары



4 алтын, 5 күміс, 2 қола медальді қанжығаға байласа, бізге бұйырғаны – 2 күміс, 1 қола жүлде. Шешеннің ағайынды Бувайсар, Адам Сайтев еркін күрестен Олимпиаданың 4 алтынның олжаласа, күрестің бұл түрінен алпыс жылда бір қазақ баласы Олимпиада ойындарын ұтқан жоқ. Бүтін бір ұлттың беті күйетін жағдай.

Иә, спорт ғылымы тек жаттығу жүйесімен ғана шектелмейді. Тамақтану, салмақтан арылу, психология, педагогика, биология, биохимия, биомеханика, физиология, диетология, орта тау деңгейінде, биік тауда жаттығу, жерсіну, т.б. мәселелерді бапкерлер мен әдіскерлер жақсы білуі және білімді мамандарымызды қалыптастыру үшін бізге мықты физкультура институты әбден қажет. Институт құрылған жағдайда басшылығына елін, жерін сүйетін, ар-намысты нәпсіден жоғары қоятын арлы, білімді азаматты тағайындамаса, істің бәрі бекер болмақ.

ОҚУЛЫҒЫ ЖОҚ САЛА. Арнайы институттың жоқтығынан біздің елде спорттың әр түрінен әдістемелік, ғылыми-сараптамалық кітаптар жетіспейді. Кей спорт түрлерінен әдістемелік кітапшаларды емге таппайсың. Ең сорақысы, еліміздегі 18 спорт интернат-колледждерде қазақ спортының тарихынан хрестоматиялық оқулық жоқ. Мұндай жағдайда жас бапкерлер жаттығу мен жарыс процесінде қандай тарихқа, қандай ғылыми негізге сүйенеді, деген заңды сауал туады. Ал Мәдениет және спорт министрлігі мен Ұлттық Олимпиада комитеті осы бір аса қажет, аса маңызды мәселеге жете мән бермей келді. Қадірлі Дәурен Әскербекұлы, басқасын былай қойғанда, интернат-колледждер мен жоғары оқу орындарының дене шынықтыру және спорт факультеттерін хрестоматиялық оқулықпен қамдауға бел шеше кіріссеніз, мұныңыз талай ұрпағыңыз мақтанышпен айтып жүретін өнегелі іс, тарихи ерлік болар еді.

БАПКЕРЛЕРДІҢ ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ. Совет өкіметі тұсында Мәскеуде «Жаттықтырушылардың жоғары мектебі» деп аталатын арнайы орталық болатын. Сол мектеп совет спортының ұстаханасы еді. Әйгілі бапкерлер Диканбай Биткөзов, Марат Жакыт және Мерей Қойшыбекұлы Мәскеудегі сол мектептің жаттықтырушыларға тигізген пайдасы туралы ықыласпен айтып отырады. Егер Нұр-Сұлтан қаласында дене шынықтыру және спорт

институты ашылса, сол мекеменің жанынан міндетті түрде «Жаттықтырушылардың жоғары мектебін» құру керек. Өзірге уақыт жоғалтпау үшін республикалық оқу-әдістемелік, талдау орталығының құрамында осындай арнайы мектеп болса деген тілегіміз бар. Себебі, қазіргі жаттықтырушылардың 90 пайызы жаттығу процесін ғылымға сүйенбей, жоспарсыз, жалаң жағдайда өткізеді. Бұл білген адамға мыңдаған талапкер балаларға жасалып жатқан қиянат дер едік.

Тағы бір ұятты жағдай, біздегі екпінді спорт түрлерінің өзінде заман талабына сай ғылыми-кешенді топтар жоққа тән. Жекелеген дәрігер, психолог, массажшы бар, бірақ олардың басым көпшілігінің кәсіби деңгейін әлемдік дәрежеге лайық деп айту қиын.

ҰЛТТЫҚ РУХ! Бізді Токиода 83-орынға желкелеп сүйреп түсірген ең басты себептің бірі – ұлттық идеологияның әлсіздігі. Ұлттық рухы кем халықтан өрелі тірлік күтпей-ақ қойыңыз. Осы жерде тағы да грузин дзюдошыларын сүйсіне еске аламыз. Олардың Токио кілеміндегі қимылы сойқан болды. Шетінен тұтас Грузияның тағдырын, аманатын иығына артып алғандай буырқанып, бұлықсып тұрады, немесе кілемге шығарда анасы: «Ұлым, сен жығылсаң, бүкіл Грузия жерге қарайды!» деп таусыла қайрап салғандай, жанпида күйге түседі. Мына жалғандағы актық айқасы, соңғы арпалысы дерсің. Баяғы, Мәскеу олимпиадасындағы Жақсылық Үшкемпіров ағамның: «Не жеңемін! Не осы кілемде өлемін!» деген серті тәрізді. Көріп тұрып, тұла бойын ду ете қалады. Ал Дағыстанның Абдулрашид Садугаевы күреске беттегенде екі көзі шоқтай жанады. Бір қарасаң, қалың орманда жоны дүрдііп, жалғыз жортқан жолбарысқа ұқсайды. Сипатына көз салсаң – арыстандай айбатты ер. Жұлқыса кетсе – алды-артына бірдей ер. Оның жерлесі Заур Угуев те аш бөрідей жаланып тұр. Кілем үстінде бұғалық бермес шу асаудай тепсінеді. Солтүстік Осетия өрені Заурбек Сидиков айқас десе, айдынданып, арқырай түсетін жайнақтың тап өзі. Қимылы Қап тауының асау өзеніндей бұрксарк. Бұлар еркін күрестің жампоздары, ал грек-рим күресіндегі Ингушетия үміті Мұса Евлов Токио кілемінде бидайықтың көл жайқаған жалғызындай дара көрінді. Мұса сүйегі кесек, білегі құрыш, жарау аттай шымыр жігіт. Беттескенмен бураша тартысып, айғырша

шайнасудан тартынбайды. Бұл төртеуі де әлем чемпионатының күміс медалін бойларына шақ көрмейді. Финалда ұтылғанды қорлық санайды. Мұны амбиция дейміз бе? Әлде намысқой жігіттерге тән табиғи, асыл қасиет дейміз бе?! Мысалы, Абдулрашид Садугаев пен Мұса Евлов 2017 жылғы дүниежүзілік біріншіліктің финалында жеңіліс тапты. Сондағы Садугаевтың түнерген түрін көрсеніз ғой! Евлов: «Қап, қаншама адамды жерге қараттым-ау», деп күйінгенде көкірегі қарс айырыла жаздады. Келесі жылғы әлемдік чемпионатта екеуі қарсыластарын сыпыра ұтып шықты. Ал дүние жүзінің 9 дүркін чемпионы, бүтін орыстың айыбы Александр Карелин Сидней олимпиадасындағы «күмісін» олқысынғаны сонша: «Это – предательство перед Россией!» деді өзегін өрт шалғандай күйде. Осындай отты сөз біздің балуандардың жүрегінен неге шықпайды?! Біздің бауырлар әлем чемпионатының «күмісін» жеңіліс санайтын күн қашан туар екен?! Иә, біздің қазіргі жігіттер байсалды, мәдениетті белдеседі, бірақ өлермен емес. Неге?! Қазақ осынша жігерсіз, қайратсыз, осынша намыссыз ба еді?!

Иә, грузиндер ұлттық алфавиті мен ана тілін көзінің қарашығындай сақтап отыр. Ал біз ана тілімізді босағаға ысырып тастап, ұлттық мүддемізге атүсті қарайтын түсініксіз халге жеттік. Соның салдарынан қазақ спортында ұлттық рух жоққа тән. Министрлік пен ҰОК бұл проблемаға бас ауыртқан емес. Егер бас ауыртқан болса, спорт мектептері мен интернаттарда жастардың намысын жанитын рухани кештер, патриоттық тақырыптағы жүздесулер ұйымдастыруға атсалысар еді. Егер ұлттық рухты қатты ойласа, Диканбай Биткөзов, Жанәділ Атаев, Марат Жакыт, Аманкелді Мұсабеков, Аманкелді Рымқұлов, Жанпейіс Жабаев, Алмас Мұсабеков, Дәулет Тұрлықанов, т.б. спорт ардагерлерінен және Олимпиада, әлем чемпиондарынан топ жасақтап, республиканың әр киырындағы спорт интернаттарын аралап шығар еді. Ардагерлермен, чемпиондармен жүздесу жас спортшыларға шабыт сыйлайды, олардың бапкерлерін ойға, ізденіске жетелейді.

Ұлттық рухтың қайнар көзі – ұлттың ауыз әдебиеті мен тарихы! Біздің спорт интернат басшылары мен қосшылары бұл мәселеге мән бермейді. Ал шындап, терең ізденген адамға жеңістің бір көзі осында жатыр. Әйгілі желаяқ

СПОРТ...

